

## **Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасының арасындағы достық қатынастарды одан әрі дамыту және ынтымақтастықты нығайту туралы Декларация**

Декларация 2001 жылғы 5 сәуір Вильнюс қаласы 2001 жылғы 5 сәуірден бастап күшіне енді

Біз, Қазақстан Республикасының Президенті мен Литва Республикасының Президенті,

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2001 жылғы 4-7 сәуірдегі Литва Республикасына ресми сапары барысында Қазақстан Республикасының және Литва Республикасының арасындағы қатынастың жәй-күйі мен даму перспективалары туралы, сондай-ақ халықаралық тұрғыдағы процестерге қатысты болған келіссөздердің нәтижелерін қорытындылай келіп,

өзара мүдделілік білдіретін салаларда тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастық рухында достық қатынасты одан әрі дамытуға және тереңдетуге ұмтылысымызды білдіре отырып,

халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормаларына, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптеріне, Хельсинки Қорытынды актісінің және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да құжаттарының ережелеріне адалдығымызды қуаттай отырып,

Алматы қаласында 1993 жылғы 7 қарашада қол қойылған, Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы шарттың ережелерін басшылыққа ала отырып,

Астана қаласында 2000 жылғы 11 мамырда жасалған, Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы достық қатынас пен ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы бірлескен мәлімдемедегі белгіленген уағдаластықтарды қуаттап және толықтыра отырып,

екі жақты қазақстандық-литвалық қатынастың достық және әріптестік сипатын қанағаттанғандықтан бағалай отырып,

төмендегілер туралы мәлімдейміз:

саяси, экономикалық, мәдени, гуманитарлық және басқа да салаларда елеулі әлеуеті бар екі мемлекет арасындағы достық қатынасты одан әрі дамыту мен тереңдетудің маңыздылығын әрі басымдылығын қуаттаймыз;

екі жақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуды аймақтық және ғаламдық ауқымда бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қажетті әрі елеулі үлес ретінде бағалаймыз;

халықаралық ұйымдар шеңберінде өзара тығыз іс-қимыл қажеттілігін қуаттаймыз;

Қазақстан Республикасының Президенті Литва Республикасының Солтүстік Атлант

Шарты Одағына кірігуіне қатысты егеменді құқығын таниды;

Қазақстан Республикасының Президенті Еуропалық Одаққа мүшелік туралы келіссөздерде Литва Республикасы қол жеткізген прогресті құттықтайды;

Литва Республикасының Президенті халықаралық және аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту ісіндегі Қазақстан Республикасының үлесін жоғары бағалайды және осы тұрғыда Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім білдіру шаралары жөніндегі кеңес бастамасының маңыздылығын атап өтеді;

Литва Республикасының Президенті демократиялық қоғам құрудағы және нарықтық экономиканы дамытудағы Қазақстан Республикасының дәйекті бағытын қ о л д а й д ы ;

сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Литва үкіметаралық комиссиясының жұмысын құптаймыз және осы саладағы екі жақты байланыстарды нығайту және одан әрі дамыту үшін комиссияның тиімді жұмысының маңыздылығын а й р ы қ ш а а т а п к ө р с е т е м і з ;

қазақстандық мұнайды Литваға экспорттау және оның Литва арқылы транзиті саласында өзара тығыз іс-қимылға Қазақстан Республикасының және Литва Республикасының мүдделілігін қуаттаймыз. Мұнай компаниялары арасындағы ынтымақтастықты дамыту және олар қол жеткізген уағдаластықтарды жемісті түрде өмірге енгізу үшін қолайлы жағдайлар туғызуға екі мемлекет Үкіметтерін шақырамыз;

көлік коммуникациясы саласындағы ынтымақтастықтың дамуын, Клайпеда айлағы арқылы қазақстандық жүктер ағымының өсуін қанағаттанғандықпен атап өтеміз. Көлік саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мүмкіндігінің толық қамтылмағанына назар аударамыз. Клайпеда теңіз айлағы мен Ақтау теңіз сауда айлағының арасындағы байланысты тереңдету ниетін оң сипатта бағалаймыз;

екі жақты қатынастың шарттық-құқықтық негізінің өсе түсіп отырған әлеуетін және оны одан әрі дамыту мен мейлінше пайдалану қажеттілігін атап өтеміз;

екі жақты негізде де, сондай-ақ халықаралық және аймақтық ұйымдар шеңберінде де халықаралық қауіпсіздіктің жаңа қатерлеріне: терроризмге, ұйымдасқан қылмысқа, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, заңсыз көші-қонға , салық заңдарын бұзуға қарсы күресте ынтымақтастықты дамыту және күш-жігерді үйлестіру уағдаластығына қол жеткіздік;

Литва Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының мұрағаттарында сақталған, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбандары - Литваның саяси тұтқындары мен жер аударылған тұрғындары туралы материалдарды Литва Республикасына беру туралы мәселені оң сипатта шешуді түсінгені және жәрдем көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Президентіне алғыс сезімін білдіреді. Қазақстан Республикасының және Литва Республикасының ұлттық заңдары шеңберінде жоғарыда аталған адамдар санатының материалдарын Литва Республикасына беру мәселесіне қатысты өзара тығыз іс-қимыл жасауды екі

мемлекеттің құзыретті органдарына тапсырамыз;

Қазақстан мен Литва халықтары арасындағы қарым-қатынас пен байланысты дамыту үшін мәдени саладағы ынтымақтастықты кеңейтудің зор маңызын атап өтіп, тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғау саласындағы ынтымақтастықтың, қазақтардың Литва Республикасындағы, литвандардың Қазақстан Республикасындағы ұлттық мәдениеттерінің еркін және тең құқықты дамуына кепілдік беруге жәрдемдесу, сондай-ақ Қазақстан Халықтары Ассамблеясына литван қоғамының өкілін енгізу қажеттілігін айрықша атап өтіп, екі мемлекеттің Үкіметтерін осы саладағы ынтымақтастыққа белсенді түрде жәрдемдесуге, атап айтқанда, түрлі салалардағы мәдени байланыс пен алмасуды дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызуға шақырамыз.

Вильнюс қаласында 2001 жылғы 5 сәуірде әрқайсысы қазақ, литван және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды.

(Қолдары)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК